

Астрахан ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 5С-41-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 сәуірде № 4767 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 6С-2-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 31.03.2016 № 6С-2-8 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ықпал етеді) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Астрахан ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы
Астрахан аудандық мәслихатының хатшысы*

*Ж.Ыбырайымбеков
В.Собеский*

КЕЛІСІЛДІ

*Астрахан ауданының әкімі
31.03.2015*

Т.Ерсейітов

Астрахан ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

1. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Астрахан ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне сәйкес тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеуді іске асыратын уәкілетті органға жүгінеді.

3. "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысымен бекітілген, "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрлігінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы (ары қарай - ХҚКО) республикалық мемлекеттік кәсіпорын Ақмола облысы бойынша филиалының Астрахан ауданындағы бөлімі және веб-портал "электрондық үкімет" www.egov.kz "ары қарай-портал) арқылы іске асырылады.

4. Тұрғын үй көмегі толық ағымдағы тоқсанға тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтардың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

5. Коммуналдық қызметтер көрсету бойынша шығындар, коммуналдық қызметтер төлемақысына жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша алынады.

6. Уәкілетті орган аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шотына аудару жолымен жүзеге асырады.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган ретінде "Астрахан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындалды.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері

8. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысы уәкілетті органмен қолданыстағы заңнамамен анықталған тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсан бойынша есептеледі.

9. Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын

үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарда, тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын алғанда отбасының (азаматтың) белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

10. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі тұтыну нормаларына сәйкес жүргізіледі:

1) электр қуатын пайдалану нормалары 1 айға:

1 адамға - 70 (жетпіс) киловатт;

2 адамға – 140 (жүз қырық) киловатт;

3 және одан да көп адамға – 150 (жүз елу) киловатт;

2) сумен жабдықтау:

отбасының әрбір мүшесіне 1,5 (бір жарым) текше метр;

3) тұрғын үйдің пайдалы алаңын жылытуға төлемақы:

бір адамға – 18 (он сегіз) шаршы метр;

4) от жағу маусымына, жергілікті жылу берумен қоса қатты отынды пайдалану:

5 (бес) тонна.

Қатты отын сатып алғандығын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, көмірдің құны статистикалық деректер бойынша, өткен тоқсанда қалыптасқан орташа бағамен алынады.